2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдары бойынша мектептегі әлеуметтік психологиялық қолдау қызметі бойынша 2 тәрбие ісі жөніндегі орынбасар,2 педагог-психолог қызмет атқарады . Білім алушы, ата - ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым -қатынас орнатылып,қауіпсіз орта құрылған.Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты ,білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтықөзгерістері үнемі бақыланып,психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялыққызметтің бағыттары бойыншажұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялыққолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған.Мектепте «Сенім»телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі мектептің төменгі бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында мобильдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған. Мектептің әлеуметтік төл құжаты бойынша 2022-2023 оқу жылында Отбасы саны -66 болған. Көпбалалы отбасы - 2, балалары - 3, толық емес отбасысаны -7 , балалары - 11, әкесі қайтыс болған - 0 , анасы қайтыс болған - 0, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы - 0, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы - 0, өгей әкемен бірге тұратын - 1 білім алушы, өгей анамен бірге тұратын 0 білім алушы, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны - 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны - 1, 2022-2023 оқу жылдары бойынша кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар - 0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0.

2023-2024 оқужылында Отбасы саны - 68 болған. Көпбалалы отбасы - 3, балалары - 4, толық емес отбасысаны -8, балалары -12 , әкесі қайтыс болған - 0 , анасы қайтыс болған - 0, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы - 0, жетім және ата-анасының қамқорлығынсызқалған білім алушы - 0, өгей әкемен бірге тұратын - 1білім алушы, өгей анамен бірге тұратын -0 білім алушы, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны - 2, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны - 1.

2024-2025 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 3, толық емес отбасы саны -9, толық отбасы - 35 , жетім бала-0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны-2,

кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0 , сәтсіз отбасы-0 . Сынып жетекші, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей әкемен -1,өгей анамен тұратын-0, аз қамтылған-0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған.

2022-2023 оқу жылы бойынша көрсетілген көмектер бойынша ақпарат

«Мектепке жол» акциясы бойынша « Айсұлу » дүкенінің иесі Соляник Н.1 оқушыға мектепке қажетті оқу-құралдар салынған сөмке табыстады.Он мың теңге (10 000 тг). Сонымен қатар «Тама »2 оқушыға оқу-құралдармен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, мектеп ұстаздары тарапынан 6 оқушыға мектепке қажетті оқу-құралдарды табыстады.

№	2022-2023 оқу жылы бойынша тамақтанған жалпы бала саны	1-4 сыныптар бойынша	5-11 сыныптар бойынша
1	16	3	16

Жалпы оқумен қамту бойынша мемлекет тарапынан мектебімізде 27 оқушыға отыз жеті мың үш алпыс (37360) теңгеден бір реттік материалдық көмек алды.

Жаңа жыл қарсаңына орай ұйымдастырылған аудандық әкім шыршасына мектебімізден әлеуметтік категориясына байланысты 1 оқушы қатысып сыйлықтарға ие болды. Сонымен қатар мектеп асханасын жалға алушы тарапынан 16 білім алушыға жаңа жылдық сыйлықтар табысталды.

Мектептегі ерекше білім қажет ететін оқушыларға және мүмкіншілігі шектеулі оқушыларға жалпы 3 білім алушыға жалпыға бірдей білім беру қорынан жаңа жылдық ойыншықтар мен тәтті табысталды. 1-маусым Балалар күніне орай «Айсұлу» ЖШС балаларға балмұздақ таратты.

2023-2024 оқу жылы бойынша көрсетілген көмектер бойынша ақпарат

2023-2024 жылы оқу жылына арналған жалпы оқумен қамту бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Қазақстан Үкіметінің 64-қаулысына сәйкес Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай – ақ мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға , ата-анасының қамқорлығынсыз қалып отбасыларда тұратын балаларға,төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және де өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай материалдық көмек көрсетілген болатын. Жалпы 4 оқушыға 40 567 теңгеден қаржылай көмек көрсетілді.

«Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық» акциясы бойынша мектебімізден жағдайы төмен 2 оқушыға мектепке қажетті оқу құралмен қамтылды. Жалпы 15000 теңгеге көмек көрсетілді.

№	2023-2024 оқу жылы бойынша	1-4 сыныптар	5-11 сыныптар
---	----------------------------	--------------	---------------

	тамақтанған жалпы бала саны	бойынша	бойынша
1		1	7

Жаңа жылдық мерекеге орай әлеуметтік категориядағы, үздік оқушы Сонымен қатар, аудан әкімінің шыршасына 3 сыйлық алды. Ерекше білімді қажет ететін 1 білім алушы аудандық шыршаға қатысып сыйлық табысталды. 1-маусым Балалар күніне орай «ИП Ниет» балаларға балмұздақ таратты.

2024-2025 оқу жылы бойынша көрсетілген көмектер бойынша ақпарат

«Мектепке жол» акциясы бойынша мектебіміздің мұғалімі Кенжебаева С.Ф., 1 оқушыға мектепке қажетті оқу-құралдар салынған сөмке табыстады (20 000тг). «Айсұлу» дүкенінің иесі оқу-құралдарымен табыстады. (20 000тг).

№	2024-2025 оқу жылы бойынша тамақтанған жалпы бала саны	1-4 сыныптар бойынша	5-11 сыныптар бойынша
1	21	17	4

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі “Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалауынсыз және панасыз қалуының алдын алу туралы”

№ 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019 ж. № 240-ҰІ) негізге ала отырып, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылары тобы құрылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы “Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 52 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойыншасынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022- 2023 оқу жылы бойынша сынып жинағы-17,

2023-2024 оқу жылы бойынша -19 сынып жетекші,

2024-2025 оқу жылы бойынша - 20 сынып жетекші тағайындалған.

2022 жылдың 1 қыркүйегінде мектеп директорының №43 бұйрығына сәйкес сыныптардағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін 20 сынып жетекшілер және бірлестік жетекшісі болып Начевская Александра Александровна тағайындалған.

2023 жылдың 1 қыркүйектегі мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 62 бұйрығы негізінде класс жетекшілер, 2021 жылы 2 қыркүйектегі мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» № 43 бұйрығы негізінде Начевская Александра Александровна бірлестік жетекшісі болып тағайындалған.

2024 жылдың 2 қыркүйек мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 100бұйрығы негізінде класс жетекшілер, 2024 жылы 2 қыркүйек мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» № 78бұйрығы негізінде Начевская Александара Александровна бірлестік жетекшісі болып тағайындалған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойышша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, тоқсан сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2022-2023 оқу жылы	19	14	6
2023-2024 оқу жылы	19	14	5
2024-2025 оқу жылы	20	15	5

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Жоғары, I, II санатты	Педагог
2022-2023	5	11	3	0	0
2023-2024	4	9	4	0	3
2024-2025	4	9	4	0	3

білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу». 2023-2024-2024-2025 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты: «Құндылыққа бағытталған тәрбие процесін жандандыру, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматтарды тәрбиелеу».

2022-2023 оқу жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізгі 8 бағыты бойынша жүзеге асырылған. «Мектептің өзін-өзі басқаруы»-жобасы бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Ұстаздар мерекесіне орай мектебімізде арнайы жоспар құрылып сол жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. Дублер күні жоспарланды. Аудандық білім бөлімінен келген хат негізінде «Ұстазыңды құттықта» байқауы жарияланып, әлеуметтік желіде ұстаздарды құттықтау видеолары жүктелді. Мектеп оқушыларының барлығы қамтылды.

Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру

мақсатынд«Дублер күні» - «Ұстаз-мектептің жүрегі"» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, асқақтаған ән, мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген.

«Ұшқыр ой алаңы»жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Қызылжар ЖОББМ-да «» дебат клубы құрылып, аудандық сайыстарға қатысып,жүлделі орындарға ие болған. Жетекшісі Ізашов Ақылбек Аманқосұлы «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2022-2023 оқу жылында «Ұшқыр ой алаңы» Мәдени білім беру жобасы Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті күні және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекелеріне орай аудандық пікірсайыс турниріне белсенді қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін Қызылжар ЖОББМ «Болашақ» фракциясы марапатталды.

2023-2024 оқу жылында Кенсахара ЖОББМ мен бірге жолдастық кездесу өткізген болатын нәтижесінде «Үздік лидер» атағына ие болған Әмірбек Малика. «Болашақ» фракциясы жүлделі Порын иеленсе «АДЕ» фракциясы «Үздік нәтиже» көрсеткені үшін марапатталды. Сонымен қатар Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасының басшысы Н.Тлеумұратовтың ұйымдастыруымен өткен Ақтөбе облысының туризмін дамыту мақсатында өткен «Жанды сабақтар» іс-шарасында Секіру ойын түрінен Порын алған Махамбетов Жасұлан марапатталады.

2024-2025 оқу жылын үздік нәтижелермен бастадық. Республикалық дебат турнирінің іріктеу ойындарына аудандық пікір-сайыстан “ҮЗДІК КЕЙС” номинациясы “БОЛАШАҚ” фракциясы Ахметова Руфина , Мамбетов Ариман марапатталды сонымен қатар “ҮЗДІК ДЕБАТТЫҚ КРЕАТИВ” номинациясы Таганов Данияр, Нұралы Арыстанбек марапатталған болатын. Орыс лигасында топты жарып шыққан және ІІІ ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ дәрежесімен “Монополист” фракциясы Бардалим Светлана , Калиева Дильнара марапатталған болатын. Республика күніне орай өтетін аудандық дебат турниріне дайындық басталды, оқушыларымызға сәттілік тілей отыра жүлделі орындармен келуін тілейміз.

Мектебімізде«Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккросинг-кітап алмасу жұмыс жасайды.

2022-2023 оқу жылы бойынша кітапханаға «Мой Казахстан»,«Мектеп кітапханасы» топтамасымен 21 кітап келді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға құштарлығын арттыру ,отандық және шетелдік әдебиетті жазушылардың шығармаларын зерделеуге шақыру және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде ІІІ орынға иеленген 10 сынып оқушысы Карашева Аружан .Сонымен қатар 9 сынып оқушысы Отарбек Алмат ІІІ орынды иеленді.«Үздік эссе» номинация бойынша марапатталған 9-сынып оқушысы Отарбек Алмат өз білімін жетік көрсеткені үшін Алғыс хатпен марапатталды.І-сынып оқушылары және мектепалды даярлық тобының бүлдіршіндерімен «Кітаппен бірге өсеміз»тақырыбында саяхат жасады.Тіл мерекесіне орай мектеп кітапханасында қазақтың ұлы ақыны А.Байтұрсыновтың өмірбаяны мен шығармашылығымен танысты.Ақын ,драматург ,жазушы Сергей Владимирович Михалковтың 110 жылдығына орай әдеби кеш өтті.Әдеби кеш барысында оқушылар

жазушының өмірбаянымен, шығармашылығымен танысты, Қазақ халқының 19 ғасырдағы ең көрнекті ақындарының бірі Махамбет Өтемісұлына арналған “Жырдың алмас қылышы” атты әдеби кеш өтті. “Оқуға құштар мектеп” жобасының аясында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында “Менің сүйікті кітабым” акциясы өтті. Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған әдеби челлендж ұйымдастырылды. “Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз” атты іс шара READx жобасы өтті. “Кітапханаға кітап сыйла” акциясы өтті. Оқушылар 10 кітап сыйлады. Балалар әлемі жобасы шеңберінде балалардың кітап оқу мәдениетін дамыту және ілгерілету, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеінен Отарбек Алмат III орын, Қалдыбай Анар III орын, Төлеуғали Нұрай Алғыс хат, Алғыс хат иеленді.

2023-2024 оқу жылында “Мазмұндама” топтамасымен кітапханаға 40 кітап келді. Ауғанстаннан Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуына байланысты “Ерлікке тағзым” тақырыбында кітап көрмесі және деректі фильм көрсетілді. “Оқимыз - сурет саламыз” тақырыбына 1 сынып оқушылары оқыған ертегілерінің кейіпкерлерінің суретін салды. “Оқуға құштар мектеп”, республикалық челленджі Ақмола облысы, Ақтөбе облысына жолдаған Қ. Қайсеновтың “Жау тылындағы бала” челленджі қабылданып, 1 айға жоспар құрылып, бекітілді. Сол жоспар бойынша жасалған жұмыстар инстаграмм желісіне жарияланды. “Қасым Қайсеновтың - өмірлік ерлік” атты кітап көрмесі өтті.

1 айлық жоспар бойынша “Монолог” сайысы өтті, “Жас қаламгер” сайысы өтті. “Жау тылындағы бала” повесі бойынша комикс-жанрында, иллюстрациялық сурет салу сайысы өтті. “Халық қаһарманы Қасым Қайсенов” тақырыбында 7-10-сынып оқушылары эссе сайысына қатысты. “Жау тылындағы бала” шығармасы желісінде Буктрейлер сайысы өтті. Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай мұғалімдер мен оқушылардан “Менің сүйікті кітабым” тақырыбында сұхбат алынды және кітап көрмесі ұйымдастырылды. “Вечер басен Крылова” посвященный 255 лет со дня рождения русского писателя - баснописца Ивана Андреевна Крылова.

2024-2025 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Тіл мерекесіне орай “Ұлттың Ұлы ұстазы” атты кітап көрмесі, “Ертегілер елінде” атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. 10-11 сыныптар арасында “Роль книги в жизни человека” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

2022-2023 оқу жылына жоспар құрылып, бекітілді. Жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді.

«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» Білім күніне арналған салтанатты жиын. Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру.

Жаңа 2022-2023 оқу жылының басталуына арналған дәстүрлі мереке - Білім күні өтті. Мектебімізді биылғы оқу жылы 1 қазақ сыныбынан 4 оқушы, 1 орыс сыныбына 3 оқушы қабылданды. Салтанатты жиынға мектеп директоры, Қызылжар селолық округінің әкімі қатысты. Алғаш мектеп табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерге ерекше тілектер айтылды. Салтанатты жиында Мемлекеттік Ту көтерілді. Ту көтеру мәртебесі 11 сынып оқушысы Үздік куәлік үміткері Ахметова Сабина берілді. Салтанатты жиыннан соң 1-11 сыныптарға “Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет” тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді.

Жоспарға сәйкес, тәрбие бөлімі бойынша нұсқауатта көрсетілген «Менің жарқын жазғы оқиғаларым» онлайн- акциясы өткізілді. Акцияға 2-3 сынып оқушылары өте белсенді қатысты. Акция барысында мектептің әлеуметтік желісіне оқушыларымыздың дайындаған бейнероликтері салынды. Отбасы күніне арналған 3-6 сынып ата-аналары арасында "Көңілді мәре" эстафеталық ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: : Ата- ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайтып, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.Шарада 10 сынып оқушылары Төлеуғали Сымбат пен Базартай Данеля ән шашу арнады. Аталмыш шараға сыныптар бойынша 4 ата- ана қатысты, ойын 5 бөлімнен құралды. Жиналғандардың барлығы көтеріңкі көңіл-күймен келіп, әр сынып ата- аналары өздерінің спорттық дайындықтарын, ауызбіршілігі мен жылдамдықтарын көрсете білді.

Төрешілік еткен Ахметов К.мен Бекмухамбетов А. Шара барысында мектебіміздің тәрбие орынбасары Каукаева М.Д. сөз сөйледі. Барша қатысушыларға алғысымызды білдіреміз.

«Денсаулық фестивалі-2022» іс-шарасы бойынша түрлі спорттық жарыстарды офлайн форматында ұйымдастырылуы 19 қыркүйек күні Қызылжар ЖОББ мектебінде 1- 2 сыныптарға «Денсаулық сандарына жет!» ұранымен Денсаулық фестивалі өткізілді. Денсаулық фестивалінің мақсаты: оқушылардың белсенді өмір салтын жүргізуге назарларын аудару, денсаулық үшін қимыл белсенділігінің артықшылықтары туралы хабардар болуын арттыру. Мақсаты: салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың денесін шыңдап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын дамыту. Сынып оқушылары 2 топқа бөлініп өзара бақ сыныды. Оқушылар 4 кезеңнен тұратын эстафетадан көтеріңкі көңіл күй алды. Жарысқа қатысқан оқушылар арнайы марапаттауға ие болды. Ұстаздар мерекесіне орай мектебімізде арнайы жоспар құрылып сол жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. Дублер күні жоспарланды. Аудандық білім бөлімінен келген хат негізінде «Ұстазыңды құттықта»байқауы жарияланып, әлеуметтік желіде ұстаздарды құттықтау видеолары жүктелді. Мектеп оқушыларының барлығы қамтылды. Бітіруші сыныптар 11 қазақ және орыс сыныптары, Жас Ұлан ұйымы ерекше форматта құттықтаулар жіберді. Ата- ана Мамбетова Гульназдан мұғалімдерге арналған құттықтау жіберілді. Барлық құттықтаулар әлеуметтік желіге жүктелді.

30 қыркүйек күні мектепте ерекше атмосфера орын алды. Сағат 8/00 ден музыкалық сүйемелдеуімен Мектеп Парламенті мен Жас Ұлан балалар ұйымының белсенділері ұстаздарын қарсы алды. Мектебіміздің акт залында Жас мамандардың ұйымдастыруымен Мұғалімдер күніне арналған мерекелік шара өтті.

Алтын күз мерекесіне мектебімізде дәстүрлі түрде қазан айының екінші аптасынан бастап жүргізілді. Мерекеді оқушылар буын бойынша бөлініп 3 форматта өткізілді. Алдын ала салынған хабарландыру бойынша жүзеге асырылды. Табиғат - адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағын шашатын сұлулық пен әсемдік әлемі, баға жетпес байлық.1-4 сынып оқушыларына. Балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы табиғат әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру; сыныптастар арасында ауызбіршілікті нығайту, жағымды атмосфера орнату мақсатында "Алтын жапырақ төккен күз" тақырыбындағы фотосессия байқауы жүргізілді.

Нәтижесінде: 1 орын- 4 сынып; 2 орын- 1 қазақ сыныбы; 3 орын- 1 орыс сыныбы мен 2 сынып; 3 қазақ пен 3 орыс сынып оқушылары Алғыс хаттармен марапатталды. 5-7 сынып оқушылары Алтын күз мерекесін ұйымдастыру жоспарына сәйкес 5-7 сыныптар арасындағы "Күз сыйы" күзгі себет дайындау байқауының көрінісі.Мақсаты:

Оқушылардың күз мезгілінің ерекшелігі туралы, күзгі молшылық, береке туралы түсініктерін кеңейту; ұжым болып жұмыс жасауға дағдылау.

Нәтижесінде: 1 орын- 5 орыс сыныбы; 2 орын- 6 орыс сыныбы; 3 орын- 5 қазақ пен 6 қазақ сынып оқушылары және 7 сынып Алғыс хатпен марапатталды.

"Ғажайып күз" тақырыбында 8-11 сынып оқушылары мен жетекшілері арасында сайыс өтті. Сайыстың мақсаты оқушылардың өзара байланысын нығайту, өнеге, салауатты өмірге, мәдениетке баулуға бағытталған. Сынып жетекшілері басшылық еткен сайысқа 6 топ қатысты. Сайысқа қатысушылар 4 кезең бойынша сынға түсті. Қорытындысында 1 орын 9 сынып; Жетекшісі: Калиева Г.Б.,
2 орын 11 қазақ сыныбы; Жетекшісі: Тулемесов У.К.,
3 орын 8 орыс сыныбы; Жетекшісі: Сень Т.В, бұйырды. Сайысқа қатысқан барлық қатысушыларға Алғысымызды білдіреміз!!!

Жоғарыдағы жүргізілген жұмыстардың барлығы жоспар бойынша жүргізілді, жоспардағы барлық шаралар қамтылды. Жоспардан тыс 25 -қазан Республика күніне орай жоспар құрылып, "Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!" тақырыбында мерекелік концерт жоспарланды.

Республика күнін атап өту тұжырымдамасы аясында өткізіліп жатқан жоспарға сәйкес мектебімізде "Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!" тақырыбында мерекелік концерт өтті. Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

2 тоқсан жоспарына сәйкес төмендегі жұмыстар жүргізілді. Күнтізбеге сәйкес мерекелердің барлығы қамтылды. Тоқсан бойынша басты назарда 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл мерекесі болды.

Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебімізде Жас Ұлан мен Жас қыран ұйымына қабылдау салтанатты жиын өткізілді. Жиынға 2 сынып пен 5 сынып оқушылары ант қабылдады. Салтанатты жиынға ауыл әкімі Ахметов Арман Ибраевичмен оқушыларға төсбелгі мен галстук алуға демеушілік көрсеткен Сағизбаев Қанат шараның құрметті қонақтары болды. Және де Тәуелсіздік күніне орай мектебіміздің «Байтерек » еріктілер клубы жалғызбасты қарияларға барып өз көмектерін көрсетті. Қызылжар мектебінің ардагер ұстазы Бардалым Валентина апайдың үйіне шаруашылығына қол көмектерін берді.

Дәстүрге айналған Қамқорлық акциясы жоспар бойынша жалғасын тапты. Күшіміз бірлікте акциясы аясында және жылда дәстүрге айналған Қайырымдылық шарасы негізінде мектебіміздің қайырымды жандары өздерінің әр кез көмек қолын созуға дайын екендерін тағы бір дәлелдеді. Қарттар үйіне қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Қамкөңіл қарияларымызды қай уақытта да назардан тыс қалдырмау біздің міндетіміз. Мектебіміздің шәкірттері мен ұстаздары қарттарға мерекелік концерттік бағдарлама ұсынып, 5-11 сынып оқушылары мен ата- аналары және ұстаздар дайындаған.

“Мейірімділік себетін” табыс етті. Белсенді жастардың өнеріне үлкендер қошемет көрсетіп, өз ризашылықтарын білдірді. Біздің мақсатымыз — қарияларымызды қуанышқа

бөлеп, бірлігіміз жарасқан бақытты ел екендігімізді көрсету. Ақпан айының жоспарына сәйкес «Жарнама жасау өнері» оқушылар арасында байқау ұйымдастырылды. «Білім және тәрбие мекені» тақырыбында мобилографтар сайысы өтетінін хабарланды. Мақсаты: оқушыларды жаңа дағдыға бейімдеп, шығармашылығын арттыру. Сайыс нәтижесі бойынша Таганов Д мен Ахметова Р жүлделі орынға ие болды. Оқушылар өз бейнематериалдарында мектеп өмірінен көрініс түсірді. 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Алғысым шексіз» құттықтаулар шеруі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыйайылығын, қарым қатынасын, әдептілікке, кішіпейілдікке үйрету. 8 наурыз - халықаралық әйелдер мерекесі. Аяулы анаға, сүйікті жарға, қызғалдақтай құрбы-қыздарға деген тілек ешқашан бір ауыз сөзбен, бір шумақ жырмен шектелмек емес. Ана - бақыт, ана - өмір, ана - гүл. Мектебімізде көктемнің шуақты мерекесінде нәзік жандыларға ер балалар клубының ұйымдастыруымен мерекелік концерт ұсынылды. Ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоспарға сәйкес дәстүрге айналған «Бауырсақ party» акциясы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – ұлттық мерекенің жалпы рухын қолдау, мектеп қызметкерлері мен оқушыларға жағымды көңіл-күй сыйлау. Қазақта «Ас- атасы нан» деген сөз бар, яғни астың, дәмнің үлкені — нан. Бала ақ пен қараны ажыратып танымай тұрып-ақ оған оң қолына нан ұстауды, нанды баспауды, жерге тастамауды үйретеді. Ұлыстың Ұлы күніне арналған «Жыл басы-наурыз!» мерекелік мектепшілік бағдарламасы ұйымдастырылды. 4 тоқсан жоспарына сәйкес төмендегі жұмыстар жүргізілді. Күнтізбеге сәйкес мерекелердің барлығы қамтылды.

Салауатты өмір салтын насихаттау, қыз балалар арасында ауызбіршілікті қалыптастыру, нығайту мақсатында 7-10 сынып қыз балалары арасында “Көңілді сөре” спорттық-эстафеталық ойыны ұйымдастырылды. Ойын қорытындысы бойынша: 1 орын 7-сынып; 2 орын 9-сынып; 3 орын 8-сынып; 3 орын 10-сынып иеленді. Ұйымдастырған: Дене шынықтыру мұғалімі Кенжебаев Н.К.,

Сынып жетекші Каукаева М.Д. «БІнтымағы жарасқан ел» 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; БІнтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру мақсатында тәрбие сағаттары өткізілді.

9 мамыр - Жеңіс күніне орай ауыл орталығында орналасқан ескерткішке “Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды” тақырыбында гүл шоқтарын қою салтанаты өтті.

Ұзтаздармен мен оқушылары Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан батырлардың рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Мектеп өнерпаздары патриоттық әндер орындап, ел қорғап жүрген азаматтарға жылы лебіздерін білдірді. Салтанатты шараға Қызылжар ауылдық округінің әкімі Ахметов А.И., мектеп ұжымы, Жас Ұлан балалар ұйымы, Мектеп Парламенті және ауыл тұрғындары қатысты. Қатысушылар соғыс кезінде ұрыс даласында қаза тапқан сарбаздарды бір минуттық үнсіздікпен еске алды.

Әдістемелік нұсқау хатқа сүйене отырып, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылды. Жаңа оқу жылының мақсат-міндеті айқындалды. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «Білім күні» аясындағы “Мектебім- мейірім мекені” алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өтті. Жиынға Қызылжар ауылдық округінің әкімі Ахметов А.И., арнайы қатысып, ұстаздар мен оқушыларды, ата-аналарды жаңа оқу

жылымен құттықтады.

Жиын барысында мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1-сынып оқушылары әдеби монтаждарын арнап, әндерін орындады. Жиын соңында оқушылар мен ата-аналар үшін әсерлі сәт алғашқы қоңырау соғылып «Мектебім- мейірім мекені» тақырыбындағы бірыңғай тәрбие сағатына жалғасты. Шаралар мектебіміздің әлеуметтік желісіне жарияланды.

Әдістемелік нұсқауатта көрсетілген шаралар тізімі бойынша мектеп әлеуметтік желісіне біршама шаралар жарияланды. “Мектеп- мейірбандық мекен” республикалық челлендж аясында 3-сынып оқушыларының “Жазғы каникулдан жарқын естелік”, “Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім” тақырыбындағы бейнероликтері мектеп әлеуметтік желісіне жүктелді.

Мектеп әлеуметтік желісіне “Жазғы каникулдан жарқын естелік”, “Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім” тақырыбындағы бейнероликтері жарияланды. Отбасы күніне арналған «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы бойынша «Анам әкем және мен» спорттық ойын ұйымдастырылды.

“Мектеп-отбасы-бала” үштігінің бірлігін нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және ата-аналарды мектеп өміріне белсене қатысуына оңтайлы жағдай жасау мақсатында “Отбасы күні” мерекесіне орай “Әкем, анам және мен” отбасылық спорттық жарысы өткізілді. Сайыс қорытындысы бойынша ең епті, ең жылдам, алғыр, әрі күшті отбасылар мақтау грамоталарымен марапатталды. Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Мектеп спорты апталығы» аясында Республикалық “Дене сергіту” челленджі өткізілді. Челлендж мақсаты: Балаларға салауатты өмір салтын насихаттау.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Атам айтқан нақыл сөз...» жалғызбасты қарттарға көмектесу жұмыстарын ұйымдастырылды. Мақсаты – жалғыз басты қарттарға көмек көрсету болып табылады. Мұғалімдер күніне орай мектебімізде мерекелік шара ұйымдастырып, ұстаздар шәкірттерінің ерекше құрметіне бөленді.

Барлық мамандықтың анасы атанған – мұғалім қауымының кәсіби мерекесін мектеп ұжымы сән-салтанатымен атап өтті. Білім ордасында қызмет ететін барлық педагогтер бас қосып, оқушылардың концерттік бағдарламасынан керемет әсер алды. Ұстаздар күніне орай аудандық білім бөлімінен келген хат негізінде ДУБЛЕР КҮНІ «Ұстаздар күні» мерекесіне орай 5-қазан күні мектебімізде “Дублер күні” ұйымдастырылды.

Оқушылардың бастамаларына қолдау білдіріп, бос уақыттарын тиімді пайдалану, шығармашылыққа баулу мақсатында “Жайдарлы Жас Ұлан” ойыны өтті. Ойын жеңімпазы 8-сынып оқушылары атанса, 8-сынып оқушысы Ахметова Р “Үздік ойыншы” атанды.

Даналық мектебі Ата- аналарды қолдау орталығы кабинетінің ашылу рәсімі жасалып, “Дәстүрлер-отбасылық әл-ауқаттың негізі” тақырыбында ДТІЖО Кенжебаева С.Ф. ата-аналармен сабақ өтті.

Мақсаты:

1.Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі.

2.Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббилердің отбасының бірлігіне ықпалы.

3.Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру

4.Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы «Тәрбиенің тамаша мектебі – отбасы құндылығы» тақырыбында бейнебаян көрсету. «Мектеп, бала, отбасы» топқа бөлу. Ұжымдық жұмыс. Постер қорғау. «Мектеп» тобы – ата-анамен байланысты, «Отбасы» тобы мектеппен байланысты және «Бала» тобы мектеп пен отбасылық дәстүрлерді ұстана отырып баланы қалай қолдау керектігі мәселе боп қойылды. Ата-аналар өз пікірлерін ортаға салып, тәжірибе бөлісті. Аналармен «Қол өнер» жұмысы. Ұсақ қол моторикасы. /Ұлттық дәстүрлер/

1-Моншақтармен - ұжымдық жұмыс. /Тұсаукесер/

2-Құрақ құрау - ұжымдық жұмыс./ Қызым саған айтам, келінім сен тыңда!/

3- Кесте тоқу - ұжымдық жұмыс/ Енші /

Ата-аналар бірлесе отырып, топпен жұмыс жасады

сыныпта Пайызова Г.С. «Мағжан лирикалық поэзияның хан тәңірі» атты ашық сынып сағатын өтті. «Өнер таусылмас азық» тақырыбындағы көркемөнерпаздар шашуының мақсаты: балалар шығармашылығына жаңа серпін беріп, әрбір оқушыға қолдау білдіру, патриоттыққа баулу. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі 2023-2025 жылдар аралығында білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізіп отыр.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» - ұлттық, адаим құндылықтарға негізделген. Бұл бағдарламада білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Еңбекқор,адал, саналы, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың міндетіміз.

Мектебімізде сол себепті педагогтарға, ата -аналарға,сынып жетекшілерге бағдарламаның мақсат міндеттері таныстырылды. Мектебімізде 19 сынып жетекші біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарына негізделген тәрбие жоспары бойынша іс-шаралар ұйымдастыруда.

Қызылжар ЖОББ мектебінде «Даналық мектебі» Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды. Сонымен қатар «Ұлттық мүдде - тәрбие негізі» тақырыбында мектепшілік семинар болып өтті. Семинарда ұлттық құндылықтар туралы, ауданнан жиналып келген, әріптестерге егжей

тегжей түсіндірілді. «Аналар» және «Әкелер» мектебінің мүшелері белсене қатысып тұрады. Атап айтар болсақ, «Отбасындағы балаларды тәрбиелеудегі әкенің ролі» тақырыбында «Әкелер» форумы өткізілді. «Әкелер» мектебінің мүшелерінің қатысуымен

«Әкелер кубогы» волейболдан жарыс өткізілді. «Қыздың қоғамдағы рөлі» тақырыбында аналар клубы мүшелері мен кездесуі өткізілді. Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығының ұйымдастырумен «Қысқы ертегі» қардан мүсін жасау байқауы өтті. Осы мүсін жасау байқауына барлық сыныптардың ата аналары қатысты. «Аналар» мектебінің мүшелері белсене қатысып, «Аналар кубогі» волейболдан жарыс өткізілді. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде 10 жоба бойынша жұмыс жоспарлары құрылып, іс-шаралар өткізілуде. «9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында ай сайын челленджер ұйымдастырылуда. 14 ақпан күні Халықаралық кітап сыйлау күніне байланысты, барлық сыныптар кітапханаға кітаптарын сыйлады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» повесі кітабымен бір айлық жоспары бойынша іс шаралар өткізілуде. Қыркүйек айында «Сергіту сәті», қазан айында «Әнұран айту», қараша айында «Асық ату», желтоқсан айында «Шығарма жазу», қаңтар айында «Қазақ есебі», ақпан айында «Оқуға құштап мектеп» челленджері өткізілді. «4 тоқсан- 4 өнер» жобасы аясында қараша айында «Алтын сақа», қаңтар айында «Ұлттық өнер» көрмесі ұйымдастырылды. Қыркүйек айында «Балалар және театр» жобасы аясында оқушылар арасында кастинг өткізді. «Әкелер мектебі» мүшелері және учаскелік инспектормен рейд жүргізілді. «Асық ату» ұлттық ойындар мектеп лигасы, аудандық кезеңінде жеңіске жетті.

Оқу жылы басынан 1-4, 5-9, 10-11 класс оқушыларының ата-аналары қатысуымен «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер», «Как найти ключ к своему ребенку», «Бұлақ көрсең, көзін аш. Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту», «Учимся понимать своих детей», «Сен жанбасаң лапылдап....», «Как помочь ребенку найти свое призвание», «Құмарлыққа бой алдыру- тәуелділік құрдымы», «Отбасы құндылықтары». «Мамандық таңдау- маңызды іс» тақырыптарында сабақтар өткізілді.

23 қаңтар “ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН” акциясы. Акция ұраны:

Нағыз досыңның болғанын қаласаң- дос бол! Акция жоспарына сәйкес “Жас Ұлан” балалар ұйымы “Жақсы сөз- жанға қуат” акциясын ұйымдастырды. Мақсаты: жақсы сөздің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, ізгілікке, ізеттілікке, сыпайлыққа тәрбиелеу.

31 қаңтар күні оқушылардың креативті ойлауын, жаңа идеяларды қабылдай білуін, көңіл, -күйлерін көтеріп, түрлі жағдаяттарды оңай шеше алу қабілеттерін дамыту мақсатында «Сөмкесіз күн» акциясы ұйымдастырылды.

28 ақпан күні Саржансай жалпы орта білім беретін мектебінің 50 жылдығына орай «Өнерлі отбасы» отбасылық байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: Қоғамдағы отбасының ролін арттыру, үлгілі отбасының өнегесін насихаттау. Ата-аналарды байқауға қатыстыра отырып, мектеппен, ұстазбен, ата-анамен тұрақты қарым-қатынасын қалыптастыру. Байқауға барлығы 9 отбасы қатысты. Қатысушылар «Ән» және «хореография» жанры бойынша өнер көрсетті. Байқау соңында барлық қатысушыларға мадақтама мен сыйлықтар табысталды. “1 Наурыз-Алғыс айту” күніне орай Қызылжар ЖОББ мектебінің Жасұландықтары өмірдің әрбір сәтін бағалау, “сыйластық” құндылығы туралы түсінік кеңейту мақсатында “Алғысым шексіз сізге” шарасын ұйымдастырылды. 8 наурыз-

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында қыздарды ұлтымыздың салт - дәстүрлері мен әдет - ғұрып, рухани құндылықтарды құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында “Бұрымды қыз” байқауы ұйымдастырылды. “Жас Ұлан” белсенділері 1-4 сынып, 5-11 сыныптар арасында өткен байқауда қыз балалардың шашының ұзындығы, қалыңдығына қарап, “Бұрымды қыздарды” анықтады. Көрісу күні, “Амал” мерекесі қарсаңында жоспарға сәйкес дәстүрге айналған “Бауырсақ party” шарасы ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: ұлттық мерекенің жалпы рухын қолдау, мектеп қызметкерлері мен оқушыларға жағымды көңіл-күй сыйлау. Қазақта “Ас атасы-нан” деген сөз бар, яғни, астың, дәмінің үлкені-нан. Бала ақ пен қараны ажыратып танымай тұрып-ақ оған оң қолына нан ұстауды, нанды баспауды, жерге тастамауды үйрету. 15 наурыз- Қайырымдылық күніне орай, «Жас Ұлан» балалар ұйымының жоспарына сәйкес «Наурыз поштасы» қайырымдылық акциясы негізінде мектеп Ұланбасы- Тағанов Данияр ауылымыздағы үлгілі, көпбалалы отбасылардың бірі- Ермек отбасын Наурыз мерекесімен құттықтап, әрі мектеп оқушыларының сәлемдемесін табыстап келді. 18 наурыз Республикалық Наурыз мерекесіне арналған Наурызнама шеңберінде ұлттық киімді дәріптеу, патриоттылыққа тәрбиелеу мақсатында мектебімізде «Ұлттық киім» күні аталып өтті. 2023- 2024 оқу жылындағы мектеп бітірушілерді болашақ мамандық таңдауға бейімдеу және кәсіби бағыт – бағдар беру мақсатында Мектеп Парламенті “Профи TIME” мамандықтар әлемі тақырыбында Қызылжар ЖОББ мектебін бітіріп, қазіргі таңда жоғары, арнаулы орта оқу орындарында оқып жүрген студенттерімен кездесу кешін ұйымдастырды. Кездесуге келген әрбір студент өзі білім алып жүрген оқу орнымен таныстырып, ондағы мамандықтар туралы қажетті ақпараттар, оқушыларға пайдалы кеңестер берді. 11 сынып оқушылары мен студенттер арасында қызықты ойындар ойнатылып, пікіралмасу болды. Кездесу өте қызықты өтті. Кеш соңында студенттер оқушыларға өздерінің жылы лебіздерін және алдағы ҰБТ-ны сәтті тапсыру бойынша өз тілектерін білдірді. Кештің екінші бөлімі Мектеп Парламенті, Жас Ұлан ұйымы, 11 сынып оқушылары, мұғалімдер мен студенттерден құралған командалар арасында Волейболдан жолдастық кездесу өтті. Мектеп Парламентінің жоспарына сәйкес Еңбегі адал жас өрен жобасы аясында Ар-Ұят құндылығы бойынша жас ұрпақтың сана-сезімін арттыру, адамгершілік, кішіпейілдік секілді қасиеттерді бойына сіңіру мақсатында Өзін- өзі басқару ұйымының мүшелері бастауыш сынып оқушыларына тегін тамақ үлестіруге асхана қызметкерлеріне көмек қолын созды. Ұйым мүшелері барлық санитарлық талаптарды орындап, кішкентай бүлдіршіндерге қызмет көрсетіп, үлгі болды.

Жарыстың мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулығын нығайту; әкелердің спортқа деген ынталарын арттыру; ата-ана, оқушы, мектеп аралық байланысты нығайту; Жарыс қорытындысы бойынша:

- 1 орын: Орта буын командасы
- 2 орын: Бастауыш буын командасы
- 3 орын: Жоғары буын командасы иеленді.

Жоспарға сәйкес, Өзін-өзі басқару ұйымы әр жұма күні “Ұлттық құндылығымызды” жаңғырту мақсатында қазақтың ұлттық киімдерін киіп немесе қазақша нақыштағы атрибут тағып келуге шақырады. Ұлттық құндылығымызды сізбен- біз болып жаңғыртайық.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ДӘРІПТЕП, ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ МЕРЕЙІН АСҚАҚТАТАЙЫҚ! Ұранымен мектеп оқушыларына жолдау жолдады.

Мамандықтар әлеміне шолу. Ақпан айының жоспарына сәйкес мобилографтар сайысының форматы сұрақ жауап форматына ауыстырылды. Мамандық таңдау әрбір тұлғаға

жасөспірім шағынан таныс екені белгілі. Бұл жолды саралау, оны түсіну, ұғыну әркімнің ой-болмысын қалыпқа келтіре отыра, өмірінің маңызды көріністеріне жол ашады. Барша адам мамандық таңдауда қателеспеген жөн. Ойымызды, бойымызды шабыт пен мықтылыққа жетелеп, саған күш беретін мамандық ол сенің-таңдауың жас түлек. Өзге емес, өзің сен! Мамандық таңдауда қателеспей, сүйікті жұмысыңды адал қызметкері атаныңыз! “Алғысым шексіз...” Өзін-өзі басқару ұйымы мектеп парламенті баршаңызға өз алғысын білдіреді. Мектеп фойесіне «Алғысым шексіз» тақырыбы жазылып, гүлмен көмкерілген құттықтау бұрышы қойылды.

Осылайша, наурыз айының беташар күні мерекелік құттықтау, бір-біріне деген ыстық ықылас пен ризашылық сөздермен бастау алды. Қаһарлы қыс бітіп, жайма шуақ мезгіл көктемнің алғашқы мерекесі тойлануда.

Мектебімізде Наурыз мерекесіне орай Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Бір бауырсақ-бір мақал” танымдық айдары өтті.

Мақсаты: Оқушылардың мақал - мәтел туралы білім, білігін тереңдету, салыстыру, ажырата білу дағдылары мен оқу, талдау машықтарын қалыптастыру, мағынасын түсіне білуге үйрету, мақал - мәтел тіліміздегі сөздің көркі екенін ұғындыру.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында 11-сыныпта “Сүйіспеншілік - сыйластық кілті” тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

Мақсаты: Отбасында эмоционалдық тепе-теңдік пен өзара түсіністік орнату үшін балаға сүйіспеншілік қабілетін дамыту. Өткізген: Ахметова Г.Р.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында 8 қазақ сыныбында “Баланың бас ұстазы- ата- ана” тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Мақсаты: Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуында үлкен әсер ететінін атап өту. Мектепте ата-ананың оқу-тәрбие саласындағы рөлі. Өткізген: Пайызова Г.С.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында 7-сыныпта “Баланың бас ұстазы ата - ана” тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Мақсаты: Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуында үлкен әсер ететінін атап өту. Мектепте ата-ананың оқу-тәрбие саласындағы рөлі. Өткізген: Бекмухамбетова Зарина Даулеткелдиевна

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында 10-сыныпта “Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...” тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Мақсаты: ата-аналарды рефлексия және балалардың тәуелсіздігін қолдау дағдыларын дамыту. Өткізген: Калиева Гулнафис Бауыржановна

«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша 2022-2023 оқу жылында Қазан Қарттар күніне арналған мерекелік шаралар Қазан айының алғашқы мерекелері қарттар және ұстаздар мерекесі тоғысқан күніне орай “Қоғамға қызмет” жобасы “Ардагер ұстазға бас иеміз” акциясын қолға алды. Мақсаты: Қарт адамдарға үздіксіз көмек көрсету, үлкендерді құрметтеу, ата-әжелердің ақыл-кеңестерін тындап, ақ тілек, ақ батасын алу және оқушылардың қамқорлық пен жанашырлық сезімдерін ояту арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу. Акция барысында “Қоғамға қызмет” ұйым мүшелері мектебіміздің ардагер ұстазы Косенко Валентина апайды мерекесімен құттықтап, үйіне барып көмек беріп қайтты. Осындай игілікті істер әлі де жалғасын табады деп сенеміз. «Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында «Театр» үйірмесі құрылып, барлығы

34 сағатқа жұмыс жоспары құрылған. Үйірме жұмысында өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді - кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, Ұлы дала мұргерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін - ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту жүргізілген. «Балалар және театр» жобасы бойынша акпараттық бұрыш жабдықталған. Театр үйірмесінің жетекшісі Бардалим Юля . 2022-2023 оқу жылы бойынша жетістіктер:

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы;

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани - адамгершілік, азаматтық патриоттық көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте азаматтық-патриоттық, ұлттық-спорттық, көркемдік-эстетикалық, дебаттық үйірмелер жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалған.

2022-2023 оқу жылы бойынша 2022 жылғы 28 тамыз күні мектеп директорының үйірме жетекшілерін тағайындау туралы №96 тз бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, элеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге жүктеме берілген :

1. Ахметов А.А. – «Футбол» үйірмесі
2. Ахметов А.А.- «Волейбол» үйірмесі
3. Кенжебаев Н.К. - « Шахмат » үйірмесі

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің қосымша білім берумен қамтылуы - 66%.

2023-2024 жылы бойынша 2023 жылғы 1 қыркүйек күні мектеп директорының үйірме жетекшілерін тағайындау туралы №54 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, элеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге жүктеме берілген:

1. Садуакасов М.С.- «Волейбол» үйірмесі

2. Кенжебаев Н.К. - «Шахмат» үйірмесі

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің қосымша білім берумен қамтылуы- 60 %

2024-2025 жылы бойынша 2024 жылғы 29 тамыз күні мектеп директорының үйірме жетекшілерін тағайындау туралы №114 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге жүктеме берілген:

1. Садуакасов М.С - «Волейбол» үйірмесі

2. Кенжебаев Н.К. - «Шахмат» үйірмесі

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің қосымша білім берумен қамтылуы-65 %.

Сабақтан тыс өткізілетін қосымша үйірмелерге қатысым

Дебат-12 бала, Балалар және театр-17 бала, Шахмат-15 бала, Волейбол-16. Футбол-22. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері:

«2022 - 2024 жылдардағы каникул кезінде балаларды сауықтыру демалысын, олардың бос уақытын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы №10-кіміне сәйкес 2022-2023 оқу жылы: бойынша «Достық» жазғы мектеп лагерінде- 35 бала демалса, «Шұғыла» балалар лагері- 2 жолдама беріліп, жазғы мектепке 35 білім алушы қатысқан.

2023-2024 оқу жылы: бойынша «Достық» жазғы мектеп лагерінде- бала демалса, «Әсем» лагеріне- 4 бала, жазғы мектепке - 45 білім алушы қатысқан.

2024-2025 оқу жылы: бойынша «Достық» жазғы мектеп лагерінде- 3 бала демалды. Қала сыртындағы «Кэмпит» лагерінде

- 1 білім алушы демалды. Қала сыртындағы «Әсем» лагеріне -2 білім алушы демалды.

білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

Зерделеу нәтижесі бойынша: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10-11-сынып оқушылары жаратылыстану- математикалық бағытты таңдалған. Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы оқу;

